

ских художников. Мероприятия по случаю 100-летия Мухтара Ауэзова, проведенные в Казахстане, России, Франции, Германии, Венгрии, Турции, Узбекистане, Кыргызстане, научные конференции в Париже, Москве, Санкт-Петербурге, с участием О.Сулейменова, Ч.Айтматова, А.Нурпеисова, А.Кекильбаева, Мурата Ауэзова – сына Мухтара Ауэзова, всесторонне осветили творческую деятельность юбиляра с точки его вклада в современность, роли в искусстве и литературе независимого Казахстана.

С 19 по 25 сентября 1997 года в Алматы в Казахском государственном академическом драматическом театре им.М.Ауэзова прошел Международный театральный фестиваль, на котором приняли участие 14 театральных коллективов со своими спектаклями на языках живущих в республике народов.

Пьесу «Айман-Шолпан» показал Актюбинский областной театр драмы, «Енлик-Кебек» – Карагандинский русский театр драмы им. К.Станиславского, «Абай» – Иссыкульский театр драмы им. Жантошева, «Хан Кене» – Акмолинский областной театр драмы им. М. Горького.

Вызвали интерес спектакли на основе прозаических сочинений М.Ауэзова «Қилы заман» в постановке Казахского государственного академического драматического театра им.М.Ауэзова, «Красавица в трауре» Казахского государственного академического театра для детей и юношества им. Г.Мусрепова, «Серый лютый», осуществленный студией при Казахской национальной академии искусств им. Т. Жургенова, «Қорғансыздың күні» Республиканского немецкого музыкально-драматического театра.

Вне конкурса Государственным республиканским уйгурским театром музыкальной комедии им. К.Кужамьярова представлен спектакль «Киелі күнә» Ирана Гайыпа.

В рамках фестиваля прошел семинар-конференция «Концепция развития современного театра», на котором были подняты вопросы современного состояния и перспектив театрального искусства Казахстана и центрально-азиатского региона в целом, роли М.Ауэзова в духовной культуре РК.

По завершении фестиваля, 26 сентября 1997 года, на площади театра им.М.Ауэзова состоялось театрализованное представление под названием «Незабвенное дитя великого века», в постановке режиссера Б.Атабаева, художников Е.Туякова и Ш.Ногайбаева, где многочисленная публика еще раз встретилась с героями произведений М.Ауэзова, такими как Абай Кунанбай, Енлик – Кебек, Айман – Шолпан, Жаменке, Каракоз, Кенесары, Кобыланды. В

композиции «Говоря об Абаете», построенная на отрывках из фестивальных работ, прозвучали отрывки из романа «Путь Абая», монологи Улжан, Каракоз, Карлыга, песня Айгерим.

Образ классика казахской литературы М.Ауэзова занимает в изобразительном искусстве Казахстана важное место. Хорошо известны портреты М.Ауэзова художников Баки Бурманче (1943), Абылхана Кастеева (1946), А.Черкасского, М. Кенбаева, С. Мамбаева, художника-графика Исабаева и других живописцев. Первый памятник М.Ауэзову (скульптор Е.В.Вучетич) установлен в 1964 году на его могиле. Второй – в 1967 году, в сквере, у Государственного академического театра оперы и балета в Алматы (скульптор Т.Досмагамбетов). В 1980 году возведен памятник (третий по счету) Мухтару Ауэзову перед Казахским государственным академическим драматическим театром (скульптор Е.Сергебаев, архитектор О.Баймурзаев), названным именем М.Ауэзова. Памятники М.Ауэзову установлены во многих городах Казахстана. Его именем назван город в Семипалатинской области, улицы и площади многих крупных и малых городов Казахстана.

Будучи консультантом скульптуры Абая, выполненной Х.Наурызбаевым в 1960 году, М. Ауэзов навсегда запечатлел образ центрального героя и других персонажей романа «Путь Абая» в книжной графике, что успешно было реализовано художником Е.Сидоркиным, который выполнил также несколько росписей и мозаик для театра им. Ауэзова.

1. Ауэзов М. *Времен связующая нить*. – Алма-Ата: Жазушы, 1972.

2. Ауэзов М. *Мысли разных лет*. – Алма – Ата: Казгосиздат, 1961.

3. Ауэзов М. *Абай Кунанбаев. Статьи и исследования*. – Алма-Ата, 1967.

4. Ауэзов М. *Путь Абая. Роман-эпопея*. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. - Т.1. - Т.2.

5. *История казахской литературы. Казахский фольклор*. – Алма – Ата: Наука, 1968.

6. *Каскабасов С.А. Золотая жила..* – Алматы, 2000.

Автор мақаласында Қазақстанның Ғылым академиясының академигі, атакты жазушы Мұхтар Әуезовтің еліне, қазақ әдебиетіне сіңірген ерен еңбегіне тоқтай отырып, әлемдік деңгейдегі туындыларының тақырыптық, көркемдік және жанрлық ерекшеліктерін түбегейлі ашып көрсетеді.

In this article the author marks merits of the great Kazakh writer, the academician of Academy of Sciences in Kazakhstan Mukhtar Auezov before the country and the Kazakh literature and opens its thematic, works of art and the genre features which have reached of high world level.

Ж.Д. Сүлейменова

КӨНЕ ТҮРКІ МӘДЕНИ ЖӘДІГЕРЛЕРІНДЕГІ АДАМ КОНЦЕПТІСІНІҢ МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Түркі адамының болмыс бітіміне тоқталмас бұрын, баршаға белгілі, Түрік қағанаты тарихының негізгі дерек көздері Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қытай жылнамалары (Жоу, Шу, Суи Шу, Вей Шу, Вей Шу, Жию Таң Шу, Шиң Таң Шу, Сы Фу Юан Гун т.б.) және Византия деректері болып үш топқа [1] бөлінетіндігін атап өткен жөн. Осы деректерді толыққанды зерттеу нәтижесінде ғана көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам концептісінің мәдени антропологиялық мазмұнын ашуға зор мүмкіндік аламыз.

Адамзат белгілі бір кеңістік аумағында және белгілі бір уақыт өлшемінде өмір сүретіндіктен Адам, Кеңістік және Уақыт концептілері өзара сабақтастықты сақтай отырып, бірін-бірі ашуға, бірін-бірі тереңірек танытуға да жағдай жасайды. Көне түркілердің табиғи болмыс-бітімінде қалыптасқан даралық қасиеттерін: жаратылыспен біте қайнасқан табиғатпен үндестігін; туған жер – ата мекенді пір тұтатын жершілдігін; халқын, жұртын сүйетін елдік позициясының беріктігін; азаттық пен тәуелсізді бәрінен жоғары қоятын асқақ рухын сипаттайды. Көне замандардан бері дербес тайпалық одақтар мен хандықтарға бөлінсе де, өзара ұласып-сабақтасып жататын түркі халықтарының суперэтностық тұтастығының, жалпытүркілік дүниетанымы мен жалпытүркілік санасының негізі – этномәдени және этнофилософиялық ақпаратты молынан сақтаған көне түркі жазба ескерткіштерінің мазмұны – қазіргі түркі халықтары дүниетанымының мәдени антропологиялық өзегін құрайды.

Түркі халықтарының ортақ мұрасы – Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінің зерттелуі жүз жылдан аса уақытты қамтитын тарихы, өзіндік дәстүрі бар, ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері қалыптасқан сала болғанымен көне түркі мәдени ескерткіштерін мәдени антропологиялық парадигма аясында зерттеу енді-енді қолға алына бастады. Сондықтан қазіргі түркілердің дүниетанымдық стереотиптерінің арқауы болып табылатын VIII-IX ғасыр түркілерінің дара болмысын олардың өздері қалдырған жазба мұраларды семиотикалық тұрғыдан зерделеу, дүниетанымын, болмысын және рухани-ақпараттық әлеуетін мәдени антропологияның мазмұндық-семантикалық аясы негізінде саралау, сол арқылы көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам концептісінің мәдени антропологиялық мазмұнын жан-жақты талдау этномәдениеттанудың өзекті мәселесі болып табылады.

Көне түркілердің Тәңірлік дүниетанымы аясына кіретін Ұмай-Ана ұғымы халықтың сан ғасырлық тәжірибесі мен таным-түсінігі арқылы қалыптасып, қазіргі түркілерге дейін жеткен алғы мифологиялық дүниетанымдық әмбебап ретінде сипатталады. Түркі халықтары дүниетанымының архисаналық кезеңінен бастау алатын Ұмай-Ана киесі жалпы түркілік сана арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, белгілі бір дәрежеде халықты адамгершілікке, тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу құралына айналған архаикалық құндылықтар жүйесіне жатады. Түркі адамының мәдени антропологиялық мазмұнын жан-жақты талқылағанда, оның дүниетанымдық болмысында көрініс тапқан құндылықтар сатысы барлығы мәлім. Бір мақала аймағында олардың барлығын тізіп беру, әрқайсысына тоқталу тым үстірттік танытатын болғандықтан, көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам концептісінің мәдени антропологиялық мазмұнын ашатын өмірлік әлеуметтік құндылықтардың негізгілері, атап айтқанда, қайырымдылық, парыз құндылықтарымен шектелеміз. Ежелгі түркі дүниетанымындағы адамның мифологиялық ғаламын немесе аңыздағы дүние келбетін көрсетеміз.

Адамгершілік идеясы Адам болудың басты талаптарының бірі рухани құндылықтарды сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы жеткізуге негізделеді. Адамның рухани құндылықтары оның адамгершілік және қайырымдылық деңгейімен сипатталатындықтан көне түркілер дүниетанамындағы адам концептісі жалпыадамзаттық тұлғаның бөлінбес ерекше белгілеріне толыққанды сәйкес келетін жеке адамдар арқылы бейнеленеді.

Көне түркі мәдени жәдігерлерінде көрініс тапқан адамгершілік құндылықтарының бірі – қайырымдылық: «Әкеміз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім. Осылайша иелік етіп, күрендегі халықты өрт пен суға салмадым. Мен өзім Қаған боп отырғанда жер-жерден босқан халық жаяу, жалаңаш өліп-жітіп қайтадан келді. Халықты көтерейін деп терістікте оғыз халқына, ілгері қытай, татабы халқына түстікте табғачқа қарсы екі рет соғыстым. Одан соң тәңірі жарылқап, құтым-бағым бар болғандықтан, нәпәкам бар болғандықтан өлімші халықты тірілттім» [2], - деген Білге қағанның қазақша аудармасындағы мәтін қарапайым халыққа

деген қаған қайырымдылығының көрсеткіші. Бұл мәтіннен Адам концептісінің семиотикалық репрезентациясы айқын көрініс тапқан.

Парыз құндылығын түрік қағанатындағы әлеуметтік құрылым Түркі қағандары мен олардың кеңесшілерінің, қолбасшылардың ел алдындағы, ұрпақ алдындағы мемлекет басқару ісін парыз ретінде терең ұғынғанын ескерткіш мәтіндерінен айқын аңғарамыз: «Бір кісі жаңылса, руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді» [3]. «Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым, күш-қуатымды да бердім» [4]. Бар болмысымен ел алдындағы, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең түсінген көне түркілер дүниетанымы бейнеленген бұл тұрақты тіркес Адам концептісінің этномәдени ментальды ерекшелігін танытатын рухани категориялар қатарына жатады [5].

«Алып ерлерін өлтіріп балбал қыла бердім.»(БК) деген сөйлемнің мазмұны көне түркілер жауына да құрметпен қарағанын, жеңіліске ұшыраған жақтың ерлік көрсеткен батырларының басына ескерткіш-балбалдар орнатып отырғаны айтылады. Мұндай іс-әрекет кез-келген этностың қолынан келе бермейтін, түркілердің этноболмысына ғана тән айрықша адамгершілік қасиетті көрсететін мәрттік, кеңдік [6]. Ескерткіштер мәтініндегі адам концептісінің адамгершілікке қатысты рухани ұстындары көне түркілер танымында Адам туралы, оның адамгершілік құндылықтары туралы шынайы білім қоры жинақталғанын көрсетеді.

Адам өзге тіршілік иелерінен саналық деңгей қабілетімен ғана ерекшеленбейді, сондай-ақ, басқа тіршілік иелеріне, заттарға, кеңістік пен уақыт аралығына әсер ете алатын интеллектуалды әлеует иесі ретінде дараланады. Бұл сипат адам баласының белсенді ұстанымын айқындаумен қатар, олардың жер бетіндегі үстемдігінің сапалық деңгейін көрсетеді. Түркі халықтарының этномәдени ерекшеліктері белгіленген адам туралы концептуалдық түсініктер көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам концептісінің мифологиялық модельдері арқылы көрініс тапқан. Ежелгі түркілер дүниетанымының мифологиялық космогониясының мәдени антропологиялық негізін қарастырар болсақ, түркі адамының жаратылысы жайлы көне түркі мәдени жәдігерлерінде діни-мифологиялық дүниетаным орын алған. Атап айтар болсақ, «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» [7] деген мәтіндегі адамның пайда болуы жайлы пікірлер түркі адамын Көк Тәңірі асқан сүйіспеншілікпен жаратқанын және оның бүкіл ұлы істерінде Көк Тәңірі әрдайым қолдау көрсететіндігі көрініс

тапқан. Жалпы, түркі адамының жан дүниесі Универсуммен және Космоспен бірге, бөлінбес біртұтастықта. Түркі адамының табиғатпен бірлігі әлеуметтік, жеке, объективті және субъективті деңгейде ажырамас тұтастықта сипатталған. Ежелгі түркілердің мифологиялық санасы табиғаттың бөлшегі ретінде Тәңірден яғни Құдайдан жаратылған тіршілік иесі ретінде өзіне сенімділік, үстемдік сыйлады. Көк Тәңірі табиғаттың жанды кейпі ретінде бейнеленеді және ол аспанмен суреттеледі. Түркі адамы универсумның принциптерімен пайда болған тіршілік иесі, әрі универсумның кішігірім синтезі болып табылады. Бұл түркі Адамының пайда болуы жайлы мифологиялық дүниетанымының негізгі сипатын көрсетеді. Бұл орайда қаған мемлекеттің тұрақтылығы мен гүлденуінің символы болып табылған.

Түркітанушы белгілі ғалым Ахмет Ташағыл, түркі адамының мәдени болмысын ашу үшін, түркі мемлекетіндегі әлеуметтік құрылымның қызметіне үңілуге шақырады. Ғалым пікірінше, түркілерде ең үлкен саяси құрылым ел, яғни мемлекет болған [8]. Бұл жайт Қытай жылнамалары мен Орхон ескерткіштерінде анық көрсетілген. Түркі тарихының бастапқы кезеңі мен мемлекеттің құрылуы баяндалатын Қытай деректерінде (Жоу Шоу 50-бөлім) мемлекеттің қағаны Бұмынның жуан-жуандарды қырғынға ұшыратқаннан кейін, мемлекет мағынасындағы «ел» мен ел басшысы «қаған» сөзін бірге қолданғаны айтылады. Бұл мемлекеттілікті білдіретін сөз. Мемлекеттің әлеуметтік құрылымының негізін әулет құрайтын болған. Әулеттер бірлігі ру, ал тайпа – әулеттер мен рудың одағы болған. Оларды өз кезегінде билер басқарған. Бір саяси одаққа кіретін руларды оқ, рулар одағын бодун деп атаған, оларды жерінің көлеміне қарай жабғы, шад және елтебер басқаратын болған.

Ескерткіштер тілінде Түркі будыны туралы жиі қолданылатын мәтін мазмұны тұтас қауымның мүддесі – елдің береке-бірлігі мен ынтымағы, ұрпақ болашағы, түркі халқының абыройы мен намысы, басқа халықтар алдындағы беделі түркілер үшін жеке адам – қауым, әлеумет оппозициясының тірек моделі «Мен – Біз» дуализмінің көпшілдік позициясы түркі халқының басты өмірлік ұстанымы екенін көрсетеді. Көне түркілер дүниетанымындағы бүкіл қауымды суреттейтін позициясы елдік идеясына арқау болып, Көне түркі Адам концептісінің этномәдени мазмұнын айқындайды. Көне түркілер дүниетанымында этноцентризмнің де, түркілік патриотизмнің де орын алғанын байқауға болады. Мысалы, Күлтегін ескерткіші тіліндегі «Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай

еді» [9] деген сөйлем түркі жауынгерлерінің ержүрек, батырлығын, олардың жауларын өздерінен кем санағанын, жауласушы тайпа әскерлерін өздеріне қарағанда әлсіз деп бағалағанын бейнелейді. Өздерін Тәңірдің сүйікті перзенті санаған көк түріктердің амбициялық көзқарастары «Төрт тараптағы (бұрыштағы) халықты бейбіт қылдым. Басы барды жүгіндіріп, тізеліні бүктірдім (шөктірдім)» [10] деген сөйлемдерден де айқын аңғарылады.

Жалпы, түркі патриотизмі қазіргі таңдағы түркі халықтарының ұлттық идеологиясымен пара-пар, елдің тұтастығын, түркілердің дара болмысын, этномәдени кеңістігін сақтап, дамытуды қамтамасыз ететін патриоттық рухтағы феномендік құбылысы болып табылады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің мазмұны сол дәуірде өмір сүрген көне тайпалардың қалыпқа түскен құрылымдық жүйесін, жалпы санасының материалдануының нақ көрінісі.

Орхон мұраларына жататын көлемді ескерткіштердің құрылымы, белгілі бір сюжетке құрылған жүйелі мазмұны, түркі патриотизмін сыйлайтын рухы түркі адамы концептісінің толыққанды ашуға мүмкіндік береді. Түркілер дүниетанымын көрсететін бұл жазба деректерінде идеяның, этнотанымдық ұстанымның түркілер үшін зор маңызды екендігі тұтас мәтін мазмұны арқылы анықталады.

Ескерткіш тілінің көркемдігі, түркі халықтарының дүниетанымдық тұжырымдары мен талғам-парасатын көрсететін мәтін мазмұнының тереңдігі Иоллығ Тегіннің өз заманындағы тілдік тұлға екенін айқындайды [11].

Көне түркі жазба ескерткіштері қазіргі түркі халықтарының болашағын баянды ету үшін берер тағлымы мол құжат болуымен қатар тұтас суперэтностың да, жекелеген түркі халықтарының да ұстанар рухани ақпараттық бағдары, ел болудағы негізге алар ұлттық қағидасы болып қала бермек. Түркі адамының биік болмысын ұлағаттап, оның мәдени антропологиялық мазмұнын ашып, құндылықтық қорын санаға сіңіргенде ғана көшбасшы түркі дүниесін ұлттық идея ретінде пайдалануға сенім берік.

Жалпы, көне түркі мәдени жәдігерлерінде Адам концептісінің мәдени антропологиялық мазмұны адамгершілікке қатысты құндылықтық аппараты көне түркілер танымында Адам туралы, оның адамгершілік құндылықтары туралы шынайы білім қоры жинақталғанын көрсетеді.

1. Ташағыл А. Түркі қағанатындағы адами құндылықтар мен адам құқықтары // Түркі халықтарының тарихи ойы. Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық.-Астана, 2006. Т.10-369 б.

2. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.

3. Бұл да сонда;

4. Бұл да сонда;

5. Р.Қ. Байымбетова Түркілер дүниетанымының тілдік репрезентациясы (VII-IX ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің тілі негізінде) // Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты.

6. Бұл да сонда;

7. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.

8. Ахмет Ташағыл. Түркі қағанатындағы адами құндылықтар// Тарих – Адамзат ақыл-ойының қазынасы: Он томдық. – Астана: «Фолиант», 2006, Т.10: Түркі халықтарының тарихи ойы. – 369 б.

9. Сартқожа Қ. Байырғы түркі жазуының генезисі. – Алматы: Арыс, 2007. – 304 б.

10. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

11. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.

В статье автор анализирует этнокультурное, этно-философское содержание мировосприятия древних тюрков на основе семиотической репрезентации этноконцепта «Человек» в контексте общечеловеческих ценностей.

In the article the author analyzes ethnical cultural, ethnical philosophical content of the world conception of the ancient Turks on the basis of semiotic representation of the ethnical concept of 'Human being' in the context of common humanity values.

М. К. Рахимшикова

ГАРМОНИЯ КАК ОСНОВА МУЗЫКАЛЬНОГО ИСКУССТВА

Эта статья посвящена исследованию главного музыкально-теоретического труда аль-Фараби «Большой книге о музыке» [Китаб ал музика ал-кабир]. Значимость этого источника в

сфере эстетики на современном этапе поистине уникальна. В «Большой книге о музыке» глубоко исследованы вопросы музыкальной науки, представлены отдельные темы – лада и